

«Жетісу облысының Д. Рақышев атындағы филармониясы» МКҚК

ЖИНАЛЫС ХАТТАМАСЫ

№ _____

Талдықорған қаласы

11 шілде 2024 жыл
сағат 15.00

**Төраға - «Жетісу облысының Д. Рақышев атындағы
филармониясының» директорының міндегін атқарушы Тұзбаев М.Т.
Хатшы – Мухаметкаримова М.**

Жиналысқа қатысқандар:

- бас есепшінің орынбасары Мурсалимова А.Т;
- Комплаенс офицер Кульбеков Д;
- зангер Тастанбекова Л. ;
- концерттік бөлім менгерушісі Кенжебаев Б.К;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі инженері Асимжанов С.С;
- инженер-программист Нусипов А.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Комплаенс офицер Д.Кульбековтың сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қымыл туралы заңының талаптары туралы және арыз-шағымдарды Е-өтініш ақпараттық жүйесі арқылы қарау тәртібі сонымен қатар тапсырмалардың орындалу тәртібі туралы түсіндіру мағлұматты тындау.

Күн тәртібіндегі сұрақ бойынша комплаенс офицер Д. Кульбеков сөз алғып, келесідей баяндады, Қазақстан Республикасының Әкімшілік Ресімдік процестік кодексінің 46 бабының талаптарына сәйкес - мемлекеттік орган басшысының немесе өзге де жоғары тұрған лауазымды адамның аталған лауазымды адамдар шығарған актілерге байланысты емес тапсырмаларының орындалуын ішкі бақылау осы мемлекеттік органның тиісті бөлімшелеріне жүктеледі.

2. Қызметтік құжаттар бойынша тапсырмалардың орындалу мерзімдерін ішкі бақылауды мемлекеттік органның іс қағаздарын жүргізу қызметі жүзеге асырады.

3. Бірнеше орындаушыға берілген тапсырмалардың орындалуын тапсырмада бірінші болып көрсетілген лауазымды адам үйлестіреді.

4. Іс қағаздарын жүргізу қызметі бақылаудағы тапсырманың орындалу мерзімі аяқталғанға дейін тиісті бөлімшеге бұл туралы алдын ала еске салу жібереді.

5. Тапсырманы орындау үшін қосымша уақыт қажет болған жағдайда орындаушы тапсырманы берген лауазымды адамға тапсырманы орындау мерзімін ұзарту туралы жазбаша өтініш береді. Тапсырманы орындаудың қосымша мерзімін тапсырманы берген басшы белгілейді.

6. Тапсырманы берген лауазымды адам не өзге үәкілетті лауазымды адам орындалған құжаттарды бақылаудан алады.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Әкімшілік Ресімдік-процестік кодексінің 69 бабының талаптарына сай, Мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін-өзі басқару органдарына келіп түсетін өтініштерді тіркеу, есепке алу, сондай-ақ "Электрондық жолданымдар" Е -өтініш сияқты ақпараттық-талдау жүйесін жүргізу тәртібі құқықтық статистика және арнайы есепке алу саласындағы статистикалық қызметті өз құзыреті шегінде жүзеге асыратын мемлекеттік орган белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы Занының (бұдан әрі-Зан) 22 бабының талаптарына сәйкес:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар, ұйымдар, квазимемлекеттік сектор субъектілері мен лауазымды адамдар жүргізуге міндettі.

1-1. Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары бағынысты қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауының алдын алу жөніндегі лауазымдық міндettterін орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тәртіптік жауаптылықта болады.

2. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды анықтауды, жолын кесуді, ашуды, тергеп-тексеруді және алдын алуды және оларды жасауға кінәлі адамдарды жауапқа тартуды өзі құзыреті шегінде прокуратура, ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, әскери полиция органдары, экономикалық тергеп-тексеру қызметі, Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі жүзеге асырады.

Заңның 24-ші бабында бекітілгендей, Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар туралы хабарлау

1. Дайындалып жатқан, жасалатын немесе жасалған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы ақпаратқа ие адам бұл туралы жоғары тұрған басшыға және (немесе) мемлекеттік органның не өзі жұмыскері болып табылатын ұйымның басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға хабар береді.

2. Жоғары тұрған басшы, мемлекеттік органның, ұйымның басшылығы, уәкілетті мемлекеттік органдар сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық туралы келіп түсken хабар бойынша Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес шаралар қабылдауға міндettі.

3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға өзгеше түрде жәрдем көрсететін (көрсеткен) адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық-процестік кодексіне, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, "Қылмыстық процеске қатысушы адамдарды мемлекеттік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына және осы Заңға сәйкес мемлекеттің қорғауында болады және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган айқындаған тәртіппен көтермеленеді.

Осы тармақтың бірінші бөлігінің ережелері сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы көрінеу жалған ақпаратты хабарлаған, Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылықта болатын адамдарға қолданылмайды.

Осы тармактың бірінші бөлігінің көтермелесу бөлігіндегі ережелері:

1) жедел-іздестіру немесе қарсы барлау қызметін жүзеге асыратын органмен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құпия негізде ынтымактасатын адамға;

2) сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактің туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтауға, оның жолын кесуге, ашуға және тергеп-тексеруге жәрдем көрсеткен, ол бойынша орындаушы немесе сыбайлас қатысушы болып табылған адамға қолданылмайды.

3-1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылға жәрдемдесу:

1) сыйбайлас жемқорлық қызық бұзушылық жасау фактісі туралы хабарлауды;

2) сыйбайлар жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беруді;

3) сыйбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, оның жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру үшін маңызы бар (кейіннен болған) өзге де жәрдемдесуді қамтиды.

4. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлау немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық жасаған іздеудегі адамның тұрған жері туралы ақпарат беру немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықты анықтау, оның жолын кесу, ашу және тергеп-тексеру үшін маңызы бар (кейіннен болған) өзге де жәрдем көрсету мақсатында адамның өзі жұмыскері болып табылатын (болған) мемлекеттік органның не үйымның жоғары тұрған басшысына және (немесе) басшылығына және (немесе) уәкілетті мемлекеттік органдарға жүргінуі туралы ақпарат көрсетілген ақпаратты жария етпеу туралы келісім жасалған жағдайда қупия ақпарат болып табылады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен беріледі.

Көрсетілген ақпаратты жария ету Қазақстан Республикасының зандарында белгіленген жауаптылыққа алып келетіні айқындалған.

Жиналыс бір ауыздан,

ҚАУЛЫ ЕТТИ:

1. Күн тәртібіндегі сұрақ бойынша жиналыс Төрағасы - «Жетісу облысының Д. Рақышев атындағы филармониясының» комплаенс офицері Д. Кульбековтың баяндамасын басшылыққа алуды.

Tepapa —

Хатшы 

TrinG

Мухаметкаримова М.

